

Әуликөл ауданында 2009 жылға тұрғындардың нысаналы топтарының тізбесін белгілеуде туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 6 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 қаңтарда 2009 жылғы № 9-7-90 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 04-10/234 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 12.04.2010 № 04-10/234 хаты).

Ескерту. Тақырып өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009.07.23 № 183 (қолданысқа енгізу тәртібін т.4 қараңыз) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7-баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін нысаналы топтарға енетін тұрғындардың ұсынылып отырған тізбесі белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009.07.23 № 183 (қолданысқа енгізу тәртібін т.4 қараңыз) қаулысымен.

2. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Оспанов С.Ә. – келісім бойынша) тұрғындардың нысаналы топтарына енетін адамдарды жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін шараларды қамтамасыз етсін.

3. Әуликөл ауданының әкімдігінің 2008 жылғы 31 қаңтардағы № 23 "Әуликөл ауданында 2008 жылға тұрғындардың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" (тіркеу № 9-7-67, "Әуликөл" газетінің 2008 жылғы 21 ақпандағы № 8 жарияланған) қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нұғманова Роза Сыздыққызына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ауданының әкімі

Б. Ғаязов

КЕЛІСІЛДІ

Б Е К І Т І Л Д І

әкімдіктің 2009 жылғы 15 қаңтарда
№ 6 қаулысымен

**Жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін
нысаналы топтарға енетін адамдардың
тізбесі**

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009.07.23 № 183 (қолданысқа енгізу тәртібін т.4 қараңыз); 2009.10.15 № 272 (қолданысқа енгізу тәртібін т.2 қараңыз) қаулыларымен.

1. А з қамтамасыз етілген.
2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көпбалалы ата-аналар.
5. Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар.
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуына екі жыл қалған).
7. М ү г е д е к т е р .
8. Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарынан босаған адамдар.
9. Бас бостандығынан айрылу және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар.
10. О р а л м а н д а р .
11. Бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім мекемелерінің түлектері.
12. Оқу бітіргеннен кейін жұмыс тәжірибесі жоқ, жұмыспен қамтылмаған ж а с т а р .
13. Толық емес отбасылардың табысы тұрмыс деңгейінен төмен жұмыссыз т ұ л ғ а л а р ы .
14. Ұзақ уақыт жұмыс істемеушілер.
15. Жұмыс берушінің – заңды тұлғаның жойылуына немесе жұмыс берушінің – жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлердің санын немесе штатын қысқартуына байланысты босаған тұлғалар.

16. Жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК